



Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 мин)	Ұйымдастыру кезеңі (сәлемдесу, түгелдеу) Психологиялық ахуал қалыптастыру: "Ақыл, қайрат, жүрек" тренингі. Топқа бөлу Ақылды, қайратты, жүректі бейнелейтін суреттермен 3 топқа бөлінеді:«Ақыл», «Қайрат», «Жүрек» Ширату жаттығуы: «Қоржындағы сұрақ» әдісі арқылы үй тапсырмасы пысықталады..	5-540137-7628.png type unknown

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (25 мин)	«Миға шабуыл» әдісі «Алтын басты болсаң да, ардан артық емессің» деген Б.Момышұлының даналық сөзіне оқушылардың ауызша ойы тыңдалады. Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау. Ойлау дағдыларының деңгейі. Білу.Түсіну Жеке жұмыс «INSERT» әдісі бойынша Әнет бабаның «Не арсыз? Не ғайып? Не даусыз?» атты даналық сөзін оқушылар алдымен оқып, кестені толтырады. «V» «Білемін» «->» «Мен үшін түсініксіз» «+» «Мен үшін жаңа ақпарат» «?»«Менітаңғалдырады» Дескриптор: - Шығарманың мазмұнын түсінеді. -Ақпаратты саралайды. ҚБ: «Сұраққа жетіп ал» әдісі бойынша мұғалімніңсұрақтарына оқушылар жауап береді: -Үш арсыз не? -Үш ғайыпты ата. -Үшдаусыз не? - Жеті қазынаны ата. -Жеті жетімге не жатады?... Ойлаудағдыларының деңгейі. Талдау Топтық жұмыс Әр топқа әр түрлітапсырмалар беріледі: 1-топ «Әдебиет лотосы» әдісі арқылы бұл топмүшелері Шығарма аты Авторы Кейіпкері Жанры Өз ойым кестесін толтырады. 2-топ «Оқиға кадрлары» әдісі бойынша бұл топмүшелері шығармаға композициялық жоспар құрады, оқиғаныңсюжетінқысқаша әңгімелейді. 3-топ «Ой тапқыштар» әдісі арқылы бұл топмүшелері шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтайды. Дескриптор: -Шығарманың сюжеттік-композициялық құрылысына талдау жасайды; -Шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтайды. -Шығармаға өз көзқарасын білдіреді ҚБ:«Допты лақтыру» әдісі -Шығарманың тақырыбы мен идеясы қандай? -Шығарманың түйіні неде? -Тәрбиелік мәні қандай? Ойлау дағдыларының деңгейі. Қолдану ЖЖ «Венн диаграммасы» әдісімен жұмыс Әнет бабаның айтып кеткен жеті қазынасы ұқсастығы Болашақтың жеті қазынасы Дескриптор: -Шығармаларға салыстыру жасайды; -Өз ойларын өмірмен байланыстырады. ҚБ: «Серпілген сауал» әдісі арқылы жұптың жауабын мұғалім сол жұп отырған топқа «Қалай ойлайсыздар, жауабы дұрыс па, не қосасыздар?» деген сауалмен кері байланыс жасайды.	http://tilalemi.kz/lesson/153-.html Қазақ әдебиеті оқулығы. «Атамұра» Алматы. 2019 28 бет Bilim land 50 әдіс МАН 50 әдіс Үлестірме материал
Сабақтың соңы (10 мин)	Сабақты қорытындылау «Желпуіш» әдісі Топқа ортақ 1 түрлі түсті А4қағазы таратылып, одан бүктеліп желпуіш жасалады. Оның әр қырына оқушылар кезекпен сабақ бойынша түсінгенін 1 сөйлеммен жазып шығады. Топ алдында оқылады. "Рефлексия пирамидасы" Үйге:Майқы би мен Әнет баба шешендік толғамдарын салыстыра отырып, тарихи және көркемдік құндылығына талдау жасаңдар.	50 әдіс А4 форматы, маркерлер "Рефлексия пирамидасы" Үлестірме материал 20-күн